**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы

Топ: «Достық» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

	Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; - солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); - аяқты бұгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар.
--	--

		Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен
--	--	--

		ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу) орындай алады; балалар дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады; жүгірудің әртүрлі түрлерін меңгереді; жалпы дамытушы жаттығуларды (кеудеге, қол, аяқ, иық белдеуіне арналған) орындайды; қимылдарды үйлестіріп, белсенді әрі дербес әрекет етеді; ептілік пен шапшаңдық сияқты дене сапалары
--	--	--

		дамиды; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгереді (киіну, шешіну, тіс тазалау, ұқыптылық); денсаулық туралы қарапайым түсінік қалыптасады, пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады; дене белсенділігі мен ұйқының маңызын түсінеді; таза ауада белсенді қозғалады; тыныс алу жаттығуларын орындайды және салауатты өмір салтына қызығушылық танытады.
	Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін,

	заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: балалар әдебиеті мен театр әлеміне қызығушылығы артады; дауысты
--	---

		(а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды дұрыс және анық айтады; сөйлеу қарқынын өзгертіп, жаңылтпаштар айта алады; дәстүрлері мен мәдениеті туралы алғашқы түсініктері қалыптасады; сөздік қоры кеңейіп, заттардың сапасын, қасиетін білдіретін және жалпылаушы сөздерді қолданады; антоним сөздерді түсінеді және пайдаланады; сөздерді грамматикалық тұрғыда дұрыс байланыстырып, көмекші сөздерді (үстінде, астында, артында, жанында) қолданады; зат есімдерді жекеше және көпше түрде, етістіктерді өткен және келер шақта қолданады; тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтады.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс

	алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Күтілетін нәтиже: жуан және жіңішке сөздерді ажыратып, оларды көпше түрде қолданады; бұйрық райлы етістіктерді (бар, кел, айт) дұрыс пайдаланады; ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгеріп, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілері арқылы әңгімелесе алады. балалардың артикуляциялық және дыбыстық аппараты, есту қабілеті дамиды;
--	---

		қарым-қатынас мәдениеті қалыптасып, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамы дамиды; сөйлеу әдебін сақтап, құрдастарын есімімен дұрыс атайды; сөйлеу кезінде тыныс алу, тыңдау және түсіну дағдылары дамиды; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтады; қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын қолданады; санамақ, тақпақ, жаңылтпаштарды жатқа айтуға қызығушылық танытады.
	Математика негіздері	Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Күтілетін нәтиже: қарама-қарсы және бірдей өлшемді заттарды ажыратады; заттарды ұзындығы, ені, биіктігі және жалпы шамасы бойынша салыстырып, беттестіру және жанына қою тәсілдерін қолданады; балалар екі затты өлшемі бойынша салыстыра алады (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем); салыстыру нәтижесін сөзбен дұрыс сипаттайды (ұзын-қысқа, бірдей, тең; кең-тар, бірдей, тең; биік-аласа, бірдей, тең; үлкен-кіші).

	Қоршаған ортамен таныстыру - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. Күтілетін нәтиже: тірі және өлі табиғат туралы қарапайым білімдері қалыптасады; табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін сақтайды (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу); құммен, сумен, қармен және ұсақ заттармен ойнауда қауіпсіз әрекет етеді; балалар қоршаған ортадағы заттардың атауларын және олардың қызметін біледі, таныс заттарды ажырата алады; еңбектің нәтижесін бағалап, көмек көрсетуге ынта білдіреді; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, қамқор болуға дағдыланады.
--	---

	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Күтілетін нәтиже: кірпіштер мен тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, мықтап бекіту тәсілдерін қолданады; өз бетінше құрастыруға талпынады және жасаған құрылысын талдай алады. балалар қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндер мен түстерді бейнелей алады, бөліктердің орналасуын дұрыс көрсетеді; көз бен қол қимылдарының үйлесімділігі дамиды; қарапайым сызбалар мен үлгілерге қарап құрылысты зерттей алады.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;

		- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Күтілетін нәтиже: қылқаламды бояуға дұрыс батырып, артық бояуды алып тастайды; түстерді ауыстырғанда қылқаламды сумен шайып, тазалап қолданады және оны дұрыс кептіруді меңгереді.балалар бейнелеу өнеріне қызығушылық танытады, шығармашылық ойлауы мен қиялы дамиды.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;

		- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Күтілетін нәтиже: өнер туындыларына және қоршаған ортаның эстетикалық әсемдігіне қызығушылық танытады; мүсіндеу әрекетіне қызығушылық білдіреді; кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдерін қолдана отырып, қарапайым заттарды (ыдыстар, ойыншықтар) мүсіндей алады, балалар өз қалауы бойынша бейнелеу материалдары мен техникасын таңдай алады; қазақ халқының өнер туындылары мен сәндік-қолданбалы өнері туралы алғашқы түсінік қалыптасады.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Күтілетін нәтиже:

		қазақ халқының өнер туындылары мен сәндік-қолданбалы өнері туралы алғашқы түсінік қалыптасады; өнер туындыларына және қоршаған ортаның эстетикалық әсемдігіне қызығушылық танытады; желімдеу техникасын меңгере бастайды.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Күтілетін нәтиже: музыкалық ойыншықтар мен аспаптардың дыбысын ажыратып, атайды; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдайды және түсінеді; ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадағы музыканы тыңдайды; балалар музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, оның сипатын түсінеді және бөлімдерін
--	--

		ажырата алады; музыканың көркем құралдарын (дауысы, қарқыны, көңіл-күйі) байқайды; әнді бір қарқында, таза және анық айтып, оның сипатын (көңілді, созып, ойнақы) жеткізе алады; музыкаға сәйкес ырғақты қимылдар жасап, жүру, жүгіру, шеңбер бойымен және шашырап қозғалу дағдыларын меңгереді; музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындайды.
--	--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы

Топ: «Достық» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа

		лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; - солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); - аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар.
--	--	---

		Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
--	--	---

		Күтілетін нәтиже: жалпы дамытушы жаттығуларды дұрыс орындап, қимылдарды үйлестіре алады; қимылдарды дербес, белсенді және шығармашылықпен орындайды; ептілік пен шапшаңдық сияқты дене сапалары дамиды; құрдастарымен қимылды ойындарға қатысып, жағымды қарым-қатынас жасайды; спорттық жабдықтарды қауіпсіз қолданады; шанамен сырғанау дағдыларын меңгереді; дене мүшелері мен денсаулық туралы қарапайым түсінік қалыптасады; шынықтыру шараларына қатысып, табиғи факторларды (ауа, күн, су) пайдалану арқылы денсаулығын нығайтады; тыныс алу жаттығуларын орындайды.
	Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін

		дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
--	--	---

		Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: балалар әдебиеті мен театр әлеміне қызығушылығы артады; дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды дұрыс және анық айтады; сөйлеу қарқынын өзгертіп, жаңылтпаштар айта алады; сөздік қоры кеңейіп, заттардың сапасын, қасиетін білдіретін және жалпылаушы сөздерді қолданады; антоним сөздерді түсінеді және пайдаланады; сөздерді грамматикалық түрде дұрыс байланыстырып, көмекші сөздерді (үстінде, астында, артында, жанында) қолданады; зат есімдерді жекеше және көпше түрде, етістіктерді өткен және келер шақта қолданады; ересектермен диалог құрып, сұрақтарға толық жауап береді.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Күтілетін нәтиже: ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасап, бірлескен әрекеттерде келісімге келеді; ортақ тақырыпта әңгімелесіп, сұрақтарға жауап береді; кітаптарды өз бетінше қарап, алған әсері мен қалауын білдіреді; санамақ, тақпақ, жаңылтпаштарды жатқа айтуға қызығушылық танытады; ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгеріп, алдын ала
--	--

		үйретілген сөйлеу үлгілері арқылы әңгімелесе алады.сыпайы сөйлеу әдебін сақтап, құрдастарын дұрыс атайды; сөйлеу кезінде тыныс алу, тыңдау және түсіну дағдылары дамиды; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтады; қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын қолданады.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Күтілетін нәтиже: көрнекі-қимылдық ойлау мен шығармашылық қиялы дамиды; екі затты

		өлшемі бойынша салыстыра алады (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем); қарама-қарсы және бірдей өлшемді заттарды ажыратады; заттарды ұзындығы, ені, биіктігі және жалпы шамасы бойынша беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстырады; салыстыру нәтижесін дұрыс сөздермен сипаттай алады (ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші, тең).балалар қарапайым математикалық ұғымдарды меңгереді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. Күтілетін нәтиже: еңбектің нәтижесін бағалап, көмек көрсетуге ниет білдіреді; тірі және өлі табиғат туралы қарапайым түсініктері қалыптасады; табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін сақтайды (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу,

		жануарларға тиіспеу); құммен, сумен, қармен және ұсақ заттармен ойнау кезінде қауіпсіз әрекет етеді; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, қамқорлық жасауға дағдыланады.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Күтілетін нәтиже: құрастыру әрекетіне қызығушылық танытады; жасаған құрылысын сюжетті ойыншықтармен байланыстырып, оны ойын барысында қолдана алады. балалар қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндер мен түстерді бейнелей алады.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына

		қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Күтілетін нәтиже: заттарды өз бетінше зерттей алады; қазақ халқының өнер туындылары мен сәндік-қолданбалы өнері туралы түсінік қалыптасады; қоршаған ортаның эстетикалық әсемдігін қабылдайды; бейнелеу барысында қауіпсіздік, ұқыптылық және еңбекқорлық дағдылары дамиды; бір немесе бірнеше заттың суретін қайталап салу арқылы қарапайым сюжеттік композиция құрастырады.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.

		Күтілетін нәтиже: қазақ халқының өнер туындылары мен сәндік-қолданбалы өнері туралы алғашқы түсінік қалыптасады; өнер туындыларына және қоршаған ортаның эстетикалық әсемдігіне қызығушылық танытады; мүсіндеу әрекетіне ынта білдіреді;балалар өз қалауы бойынша бейнелеу материалдары мен техникаларын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдай алады.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, катпарлау) қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Күтілетін нәтиже: жапсыру әрекетіне ынта білдіреді; табиғи материалдар мен қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, катпарлау) қолдана алады; геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына және

		бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсырып, қарапайым бұйымдар (киіз, кілем, көрпе, алаша, орамал) құрастыра алады. балалар өз қалауы бойынша бейнелеу материалдары мен техникаларын таңдай алады.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді

	қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.
--	--

		Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: музыкаға қызығушылық танытады, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; ән, би, марш жанрларын ажыратады; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, сипатын, көңіл күйін, бөлімдерін ажырата алады; музыкалық шығарманың қарқынын, дыбыс күшін (ақырын-қатты), көңіл күйін (көңілді, мұңды) байқай біледі; музыкалық ойыншықтар мен балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратып, атай алады; музыка ырғағына сәйкес жүру, жүгіру, секіру қимылдарын орындайды.
--	--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы

Топ: «Достық» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және

		заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; - солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); - аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.
--	--	---

		Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады; негізгі қимыл түрлерін: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, лақтыру және қағып алуды қарапайым деңгейде орындай алады; заттарды айналып, арқанның, доғаның астымен, туннель арқылы еңбектейді; саты бойымен және гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, одан түсе алады; қимылдарды үйлестіріп, белсенді орындайды, ептілік пен шапшаңдық танытады; доппен жаттығуларды орындайды, дене қимылдарын үйлестіреді.
	Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке

	сөйлесу; - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық
--	--

		жауап беру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже сұрақтарға жауап беріп, өз ойын қарапайым түрде жеткізе алады; әдеби тіл нормаларын сақтауға, сыпайы сөйлеуге дағдыланады; қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларына, салт-дәстүрлері мен мәдениетіне қызығушылық танытады; балалар әдебиеті мен театр әлеміне қызығушылық білдіреді; тдауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтып, дыбыстарды дұрыс артикуляциялайды сөйлеу қарқынын өзгертіп, баяу сөйлеуге және жаңылтпаштар айтуға машықтанады; сөздерді септеп, жіктеп байланыстыра алады.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже артикуляциялық және дыбыстық аппаратын дамытады; сөйлеу кезінде тыныс алуды дұрыс қолдануға дағдыланады; естіген сөзді тыңдап, түсіне алады; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға талпынады; санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтып, сөздік қорын дамытады; сөздерді байланыстырып, қарапайым сөз тіркестерін құрастырады; заттарды жай сөйлемдермен сипаттап айтып бере алады.
--	---

	Математика негіздері - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Күтілетін нәтиже қарапайым математикалық ұғымдар туралы түсінікке ие болады; жаңа білімді тануға талпынады және өзіне сенімділік көрсетеді; бірлескен әрекетте жұмыс жасауға дағдыланады; екі затты өлшемі бойынша салыстырады; ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем ұғымдарын түсінеді және қолданады; заттарды ұзындығы, ені, биіктігі және жалпы шамасы бойынша салыстырады; өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды ажырата алады.
	Қоршаған ортамен - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың

	таныстыру	міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. Күтілетін нәтиже таныс заттарды ажыратып, күнделікті өмірде қолдана алады; отбасыға, туған өлкеге және Отанға сүйіспеншілік сезімін білдіреді; тірі және өлі табиғат туралы қарапайым түсініктерге ие болады; табиғатқа қамқорлықпен қарап, оған қызығушылық танытады; табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланады; ұсақ заттарды ауызға, құлаққа, мұрынға салуға болмайтынын біледі; табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтауға талпынады.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін

		жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Күтілетін нәтиже бөліктердің орналасуын дұрыс беруге талпынады; көз бен қолдың үйлесімді әрекетін дамытады; құрылыс материалдарын қолданып қарапайым құрылыстар құрастырады; ұжымдық құрылыс жұмыстарына қызығушылықпен қатысады; алдын ала келісіп, құрылыс бөліктерін бірлесіп дайындайды; өз бұйымдарын біріктіріп, ортақ құрылыс жасай алады.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың

		реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Күтілетін нәтиже шығармашылық ойлауы мен қиялы дамиды; бейнелеу әрекетіне және өз жұмысының нәтижесіне жағымды эмоциялық қатынас білдіреді; бейнелейтін заттарды бақылап, зерттеуге талпынады; негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ) және олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) ажыратып қолданады; түстерді үйлестіріп, өз шығармашылық жұмыстарында пайдаланады.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже өнер туындыларына және қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылық білдіреді; мүсіндеу әрекетіне шығармашылықпен қатысады; бірнеше бөліктерді біріктіру тәсілдерін қолданады; қысу, қосу, біріктіру арқылы қарапайым пішіндер жасай алады; өз жұмысының нәтижесіне қуанып, эстетикалық талғамын дамытады.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік

		беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Күтілетін нәтиже саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен және қағазбен жұмыс жасауға қызығушылық танытады; қазақ халқының өнер туындыларымен және сәндік-қолданбалы өнерімен танысады; жапсыру әрекетіне шығармашылықпен қатысады; қағазды жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау тәсілдерін меңгереді.
